

Егер Ата заңымыз қызмет жасаған он бес жылдан бергі кеңістік пен уақытқа көз жүгіртсек, елімізде жоғарыда көрсетілген демократиялық құндылықтардың қызмет жасап, ұлттық демократиялық топырағымызға берік сіңгенін нақты көруге болады.

Өртүрлі елдердің конституциялық дамуына талдау жасаған кезде «жанды конституция» деген құбылысты қарастыруға болады. Ол Қазақстанның дамуына да тән. Бұл – Конституцияның қоғам мен ұлттық мемлекеттің дамуы барысында қоғамдық қатынастардың даму үдерістері мен талаптарына сай өзгеріп, түрленіп, дамып отыруы. Өйткен, өмір, қоғам дамуы өте серпінді, өзгермелі құбылыс. Оның үстіне саяси бостандыққа ие болып, өзінің тәуелсіз мемлекетін орнату, оның конституциялық құрылымын нығайту үстіндегі жас Қазақстан мемлекетінің конституциялық даму, жаңару мен өзгерістер жолында болуы – заңды да табиғи құбылыс.

Жиырма жылда Президент Н. Назарбаевтың саяси еркімен, конституциялық саяси бастамасымен тәуелсіз Қазақстан Республикасы Конституциясына екі рет – 1998 және 2007 жылдары сындарлы өзгерістер енгізілді. Парламент Сенаты мен Мәжілісінің 1998 жылғы 7 қазанда өткен бірлескен отырысында қабылданған «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Ата заңға он тоғыз өзгеріс енгізілді.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың бастамашылығымен болған 2007 жылғы конституциялық реформаның бүкіл мазмұны мен басты нысанасы – еліміздің саяси жүйесін одан әрі түрлендіріп, модернизациялау, саяси үдерістерге серпінділік әкеліп, түптеп келгенде оның тұрақтылығы мен үдемелі дамуын қамтамасыз ету. Келешекте мемлекеттік пен тәуелсіздікті нығайту барысында конституциялық дамуда жаңа өзгерістер болады деп болжамдауға болады.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н Ғасырлар тоғысында. Алматы: Өнер, 1966, 177 б.
2. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Академиялық курс. Өңделіп, толықтырылған, 2-басылымы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 480б.
3. Мишин В.В. Конституционное право...; Чиркин В.Е. Конституционное право: Россия и зарубежный опыт. – М.; Изд. «Зерцало», 1998. –448 с. Политология: учебник. М.: Московский государственный институт международных . отношений (Университет) МИД России, ТК Велби, Изд-во Проспект, –С.-239-264. Саяси түсіндірме сөздік . Алматы, -2007, -292 бет.
4. Политология: учебник. М.: Московский государственный институт международных . отношений (Университет) МИД России, ТК Велби, Изд-во Проспект, –С.-268-269.
5. Амандыкова С.К. Становление доктрины конституционализма в Казахстане. – Караганда. – 2002. Кубеев Е.К Теоретико-правовые аспекты развития конституционного строя Республики Казахстан. Монография. - Караганда: Издательско-полиграфический центр Казахстанско-Российского университета., 2012; Котов А.К. Конституционализм в Казахстане: опыт, становления и эффективность механизма власти. – Алматы: Издательство КазГЮА, 2000; Ким. Г.В. Конституционный строй Республики Казахстан (общие положения). – Алматы. – 1998; Баймаханова Д.М. Современная система конституционализма, ее специфика и отношение к правам человека: Журнал: Вестник КазНУ, 2008, №3.
6. Чиркин В.Е. Конституционное право: Россия и зарубежный опыт. – М.; Изд. «Зерцало», 1998. -С. 270
7. Қараңыз: Қазақстандағы парламентаризм жай-күйі мен даму перспективалары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Астана, 2007 жылғы 22 қараша. –4, 79 бб.
8. Ударцев С.Ф. Конституционная реформа 2007 года в Казахстане в контексте эволюции формы государства. //«Қазақстандағы парламентаризм: жай-күйі мен даму перспективалары». Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. -Астана, 2007 жылғы 22 қараша.-Астана, 2008. –126 бет.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АЙЫП БАТАЛЬОНДАРЫ

Қарсыбаева Ж.А., т.ғ.к., доцент; Жуманова А.З., ғ.м., аға оқытушы;
 Утебаева А.Д., ғ. м., аға оқытушы
 Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
 Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.
 karsybaeva1981@mail.ru

Берілген мақалада 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі айыптылар батальонының құрылу тарихы қарастырылады. Кеңес әскерінің қатарында айып бөлімдерінің алғаш құрылғанынан бастап берілген кезеңге дейінгі аралықтағы тарихы, әскери жорық жолдарына, олардың одан арғы өмір тарихтарына шолу жасайды. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысы тарихын зерттеудегі айып батальондарының қалыптасу тарихын қарастырудың өзектілігін айқындап береді.

Кілт сөздер: Ұлы Отан соғысы, кеңес әскері, оккупанттар, айып батальоны, әскери құрама, майдан, дезертир, саяси қызметшілер, шайқас.

Адамзат тарихында неміс фашистері қарулы күштерінің кенеттен, тұтқиылдан Кеңес одағының шекарасын баса - көктеп, қаннен - қаперсіз, бейбіт өмір кешіп жатқан жандарды қанға бояған күн 1942 жылдың 22 маусымы мәңгі өшпес. Елбасы Н.А.Назарбаев «... Бұл жеңіс үлкен қиыншылықтармен келді. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып кетті. Жыл өткен сайын ардагерлер азаюда. Біз олармен жиі кездесулер өткізіп, жастардың алдына шығарып сөз беріп, олар ақсақалдардан патриотизм мен ерлікке толы сіңіруі қажет» деп атап өткен болатын [1, 37 б.]. Соғыс өзімен бірге қайғы – мұң әкелді. Қаншама ата – бабаларымыз елім үшін, жерім үшін деп майданға аттанды. Ұлы Отан соғысының да бізге беймәлім қыры мен сыры көп, дегенмен де, сол соғыстың нағыз куәгерлерінің қатары азайған сайын, уақыт толассыз өткен сайын, ол да қат – қабат тарих болып қалыңдана береді. Мәселен, біз бүгінгі тақырыбымызда «Айыптылар батальоны» туралы айтқымыз келеді. Өйткені бұл тақырып көп қозғала бермейтін, ақиқаты әлі толыққанды ашылмаған өзекті тақырыптардың бірі.

Ең алдымен тақырыпқа тікелей көшпес бұрын, әскери құрамаларға қатысты ұғымдарды нақтылап алсақ. Батальон дегеніміз – жаяу әскердің, танк инженерлік, механикаландырылған әскерлердің, байланыс әскерлерінің құрамындағы әскери – тактикалық бөлім немесе әскери құрама мен оперативтік бірлестік қарамағындағы жеке бөлім.

Жалпы алғанда «Айыптылар батальоны» бұл 28 шілденің 1942 жылы кеңес елінің басшысы И.В. Сталиннің №227 «Ни шагу назад!» деген бұйрығы бойынша қолға алынып, құрыла бастады. Бұл кезеңде кеңес елі ауыр жағдайда еді. Воронеж өңірінде, Дон бойында, Солтүстік Кавказға кіре берісте оңтүстік жақта шайқастар жүріп жатты. Неміс әскері Сталинградқа, Волга бойына қарай ұмтылып, мұнай және астыққа бай Кубань, Солтүстік Кавказды басып алуға тырысты. Жау Ворошиловград, Старобельск, Россось, Купянск, Валуйки, Новочеркасск, Ростов-на-Дону, Воронеждің жартысын басып алған болатын. Сонымен қатар 1942 жылдың қысында Ладога көлінен Қара теңізге дейінгі барлық майдандарда кеңес әскері шабуылға шыққанымен нәтиже бермеді. 1942 жылдың қаңтар-сәуірінде Ленинград және Волхов майдандарының әскерлері любан бағытында шайқасты. Қолбасшысы генерал А.А. Власов болған 2 –ші соққы беруші әскер жау қорғанысына тереңдеп енді. Жоғары басшылық пен Ленинград майданының қолбасшысы М.С Хозиннің есебінің кемшілігінен бұл әскер жау қоршауына түсіп, іс жүзінде жойылды. Қоршаудан аз ғана адам құтылып шықты, ал Власовтың өзі тұтқынға түсуді жөн көрді. 2 –ші соққы беруші әскерді қоршаудан алып шығу бойынша Волхов майданының операциясы (қолбасшысы генерал-К.А. Мерецков) барысында 95 мың адамынан айрылды, оның 55 мыңы қайтымсыз шығын болды. Сонымен қатар Харьков ауданындағы оңтүстік-батыс бағытта да 1942 жылдың қыс-көктемінде осындай жағдай орын алды. Немістердің донбас-тоганрогтық тобына қарсы Оңтүстік-батыс және Оңтүстік майдандардың әскерлері қарсы шабуылға шықты. Бірақ бұл жолы да әскер қоршауға түсіп, екі жақтан 277 мыңнан астам адамнан айрылды, оның 170 мыңы қайтымсыз шығынға ұшырады. Қырымды жау тырнағынан босату үшін болған шайқаста да Қырым майданы мен Қара теңіз флотының шығыны 176 мыңдай болды, кеңес әскері Керчен жарты аралы мен Севастопольден айрылып қалды [2, 18 б.]. Кеңес әскерінің шайқастағы сәтсіздіктері басқа майдандарда да орын алды. Сол кезеңдегі қолбасшылар мен әскери басшылықтың, әскердің өз арасында кеңес әскерінің жау әскеріне қарағанда, қарулану жағынан да, тәртіп жағынан да алып қарағанда әлсіздігі туралы айтылған ойлар іс жүзіндегі жағдайды да көрсетті. Міне, осындай жағдайда №227 бұйрық жарыққа шықты. Кеңес әскерінің бұдан әрі жеңіліске ұшырай беруі Кеңес Одағына ұлттық тәуелсіздігінен және мемлекеттік егемендігінен айрылу қаупін туғызар еді.

Жалпы тұтқындалу дегенді Сталин мойындаған емес. Кеңес елінде дезертир, Отанына опасыздық жасағандар мен халық жауларын ғана білді, ал соғыс тұтқыны деген түсінік болған жоқ. Міне, осы жағдайда 1942 жылдың 28 шілдесінде Кызыл Армияның Жоғарғы бас қолбасшысының №227 қаһарлы бұйрығы өмірге келді. Бұйрық БК(б)П Орталық Комитетінің мүшелері мен кандидаттарына, обком, хатшыларына, одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттеріне, облыстық, өлкелік атқару комитеттеріне барлық қалалық, аудандық комитеттерінің хатшыларына, аудандық, қалалық атқару комитеттерінің төрағаларына жіберілді [2, 16 б.]. Бұйрықты жариялауға рұқсат етілмеді, алайда оны барлық роталарда, эскадронда, батареяда, эскадрильяда, штабтарда оқып, таныстыру міндеттелді. Құжатта қызыл әскерден қандай жағдайда болса да ең ақырына дейін шыдап, тұтқынға түспеу талап етілді. Командирлерге тұтқынға түспеймін, одан ең өлгенім артық деген жауынгердің тілегін орындап, оны атып тастауға рұқсат берілді. Ондаған жылдар

құпия саналып, көпшілік қауымға беймәлім болып келген №227 бұйрық соғыс кезінде барлық әскерлерді – генералдар, офицерлер және қызыл әскерлердің қолынан келмейтін жағдайларға қарамастан тұтқынға түскені үшін оларды атып-жоятын, ал майдан шебінен алыста жатқан туған туыстарын қуғын-сүргінге ұшырататын тұңғыш ресми құжат еді. Мұнда: ”Қызыл Армия қатарында әскерден қашып, жауға өтіп, тұтқынға түскен қорқақтарды немесе майданда кездескен алғашқы бөгетке шыдай алмай айырмашылық белгісі жұлып, тылға барған қоян-жүрек бастықтарға төзуге бола ма? Жоқ болмайды! Егер мұндай қорқақтар мен қашқындарға ерік берсек, олар әскерді ыдыратып біздің отанымыздың түбіне жетеді. Сужүректер мен дезертирлердің көзін құрту керек”, - делінді [3, 4 б.].

№227 бұйрыққа сәйкес ұрыс кезінде өзінің айырмашылық белгісін жұлып, тылға кеткен немесе жау қолына тұтқынға түскен командирлер мен саяси қызметшілер қасақана дезертирлік жасады деп айыпталып, ал олардың отбасы антты бұзып, Отанына опасыздық жасаған қашқынның семьясы ретінде тұтқындалуы тиіс болды. Жау қоршауына түскен құрамдар мен бөлімшелерге келетін болсақ, олар ең соңғы мүкіндікті пайдаланып, жанқиярлықпен күресіп, материалдық игілікті көздің қарашығындай сақтауы қажет болып, сонымен бірге фашисттік иттерге соққы бере отырып жау әскерінің тылдары арқылы өзіміздің жаққа өтуге міндеттелді. “Егер құрама қоршауда қалса әрбір әскери қызметкер қызмет дәрежесіне қарамастан жоғары басшысынан өзімізге өту үшін сол мүміндікке дейін күресуді талап етсін, ал егер ондай бастық немесе қызыл әскердің бір бөлігі қарсылық жасауды ұйымдастырудың орнына тұтқынға түсуді жөн көрсе жер мен көктегі барлық құралдардың күшімен қырып жойылсын, ал тұтқынға түскен қызыл әскерлердің отбасы мемлекеттік жәрдем ақша мен көмектен айырылсын”, - деп атап көрсетілді [2, 18 б.].

№227 бұйрық бойынша дивизия командирлері мен комиссарларының құқығы ұлғайтылды. Енді оларға шабуыл кезінде тасаға тығылып немесе соғыс барысында майдан алаңында басшылық жасаудан қорыққан батальон және полк командирлерін қолма-қол орындарынан алып, қызметінен төмендету... жай әскери қызметкер қатарына дейін түсіріп, қажет болған жағдайда сол жерде атып тастау, олардың орнына кіші басшылық құрамнан немесе көзге түскен қызыл әскерлер есебінен батыл, ержүрек адамдарды ұсыну жүктелді.

№227 бұйрық құпия болмаса да, «басылып шығарылмау» деген таңбаға ілікті, сондықтан да көпшілік оқырманға тек 1988 жылы «Әскери-тарихи журналда» басылып шыққаннан кейін белгілі болды. Бірақ майдангерлер бұл туралы бүкіл соғыстың өне бойында білді.

Айып батальонының әскерлері майдан құрамындағы ең қауіпті бөлімшелерге жіберілді, осыған орай дербес құрамда үлкен шығындар болды. Айып өтеушілер жаудың күшейтілген кез-келген позицияларына ешқандай жердің үстем биіктіктерімен атып тесетін артиллерияның қолдауынсыз қандай шабуылға бар болмысымен жиі аттанушы еді. Көргендердің естеліктері бойынша, қару-жарақ (винтовка) бес жауынгердің бірінде, тіпті кейде он жауынгердің бірінде ғана болған. Басқалары «қаруды майданда» немесе өлгендерден алуға тиісті болды. Пулемет отының мұндай шабуылдарынан кейін батальоннан немесе ротадан жауынгерлердің бірегейі, соның өзінде ауыр жарақаттанғандар ғана аман қалды.

Айып бөлімдерін құру туралы шешім қабылдағаннан кейін, Жоғарғы қолбасшылық бұл істе өткеннің тәжірибесіне сүйенді. Айып батальондары алғаш рет Азамат соғысы жылдарында 1919 жылдың 3 маусымында республиканың Революциялық әскери кеңесінің бұйрығы бойынша құрылды. Большевиктік басшылар бұқараның психологиясын жақсы білгендіктен, жау оғының қарсысына адамдарды қандай қатаң «қамшының» арқасында жүргізуге болатынын да ойластыра білді.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында ең бірінші айып батальон - әйгілі №227 қаһарлы бұйрықтағы ресми түрде енгізілген айып батальонынан 3 күн бұрын, 1942 жылы 25 шілдеде Ленинград майданының 42-ші Жеке айып ротасы болды. Ол 42-ші әскери құрамда 1942 жылы 10 қазанға дейін соғысты және ажыратылған болатын. Ең соңғы жеке айып ротасы - 1945 жылы 6 маусымда ажыратылған 1-ші Соққы армиясының 32-ші жеке әскери айып ротасы болды. Занды айып бөлімдері Қызыл Армияда 1942 жылдың шілдесінен бастап 1945 жылдың мамырына дейінгі аралықта әрекет етті. Оалрдың жалпы саны – 65 айып батальондары және 1048 айып роталары болған, бұл туралы тарихи әдебиеттерде бүгінгі күнге дейін айтылмаған [2, 18 б.]. Бұл шын мәнінде, соғыс жылдарындағы қуғын-сүргін науқанының қаншалықты ауқымды болғандығын көрсетеді. 227 бұйрық бойынша, айып құрамаларының саны бұл жазаға лайықты болғандардың санынан емес, майдандар мен әскерлердің санына байланысты болды. Соңғыларының саны үнемі өзгеріп отырды, соғыстың аяқталу кезеңіне қарай олардың саны азайып отырды. Соған сәйкесінше Жеңіске дейін барлық айып батальондары сақталды деп айту қиын.

Егер айып батальонында болудың мерзімі сот үкімінде шешілмесе, онда ол әскери бөліктегі командирдың әскери трибуналымен сәйкестендіре белгілеген жазалау шарасымен (немесе гарнизонның басшысының) бұйрығымен орнатылады. Айып батальонында болуы мерзімі айыпталушының айып бөлігіне келген мезетінен есептеледі.

Айып батальонына жіберілгендер өз кінәлерін қанмен өтеуі керек емес пе еді? Бірақ, онда кімдер жіберілді? Батальондарға әскери ауыр, кешірілмейтін қылмыстарды (адам өлтіру, дезертирлік, әскери мүліктерге қол сұғу, жауыздықпен әскери тәртіпті бұзғандар және т.б.) жасаған офицерлерді жіберді. Әскери атақтан айырылып әскери трибуналдармен сотталғандар, сондай-ақ әскери атақтан айырылмағандар да кірді. Егер сотталған офицер қызметінен төмендетілмесе, 1942 жылы 16 қазанның № 323-ші бұйрығымен сәйкес, онда оны айыптылар батальонына жіберді.

Айып батальонында Қазақстандықтар да болған. Батальонда болғандар да ордендермен марапатталған. Солардың бірі (мынандай да мынандай атақ алған) Н.И.Сапрыгин өзінің естелігінде былай деп жазады:

“Мен Алма-Атадағы № 3990 госпитальда жатқанымда, менің әкемді дерменші қатты ұрып тастапты деген үйден хабар алдым. Содан мен не болып қалғанын білу үшін, барғым келді. Патруль мені ұстап алды, Алма-Ата комендантының бұйрығы бойынша мені 3 айға айып батальонына жіберді. Кировоградта соғыстым. Шағын жарақаттанудан кейін дәрігерлік санбатына түстім. Дәрігерлік санбаттан қашып, Мәскеуге дейін жеттім. Бұл 1944 жылдың ақпан айы еді. Мәскеуде (мен дәрігерлік санбатынан құжаттарсыз қаштым) ұстап алды, мен тағы да айып батальонына, Йдрицкийдегі 150-ші дивизияға жіберді. Бұл дивизияда мен ұлы Луктан Ригаға дейін соғыстым.”

1941 жылғы шілде айының орта кезінде Қызыл Армия бір миллионнан астам солдаттары мен офицерлерінен айрылды, олардың 724 мыңы тұтқынға түсті. Сол жылдың қараша айына қарай неміс лагерлеріндегі қызыләскерлік тұтқындар саны 3,6 миллионға етті [4, 7 б.]. Тарихи зерттеулерге сүйенсек, осы жау қолына тұтқынға түскен кеңестік жауынгерлер тұтқыннан босап, кеңес әскері жағына өткен кезде бұл үшін айыпталып, қайрадан жазалау шарасынан өтіп, айып батальондарына жіберілген. Толық емес мәліметтер бойынша олардың саны шамамен алғанда 150 мыңдай адам болған. Олардың барлығы отан үшін отқа түсіп, тағдыр тәлкегіне қарай жау тұтқынында болып, кеңес жағына жан сауғалап келгенімен қайрадан қуғындалып, тікелей өлімге айдалған. 1943 жылы айып бөлімдерінің қолдану жағдайын талдай келе, қорғаныс комиссариатының бірінші орынбасары маршал Г.К.Жуков 1943 жылдың наурыз айының басында, әскердегі айып роталарының санын қысқартуды, оларды комплектілеуді, тылда мақсатсыз болмауын, оларды әскери қимылдардың барынша ауыр аудандарында қолдануды бұйырды. Сонымен қатар соғыс жағдайында кеңес әскері келгенше, айып бөлімдерін шайқаста соңына шейін қолдану да тапсырылды.

Мұрағаттық есептік-статистикалық құжаттарға сәйкес, соғыс уақытында айыптылардың саны 427 910 адамды құраған. Жылдар бойынша: 1942 ж.-24 993 адам, 1943 ж.-177 694 адам, 1944 ж.-143 457 адам, 1945 ж.-81 766 адам болған [2, 36 б.]. 1944 жылы барлық майдандар шабуыл операцияларын жүзеге асрған кезде, Кеңес әскерінің барлық майдандарында айып батальондарының жалпы саны 8-15 шақты болған, ал бір батальонда- шамамен алғанда 226 адам болған. Жалпы алғанда, біруақытта айып құрамаларында 27 мыңнан астам адам болған.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы айып батальоны мәселесі біздің отандық тарихшылардың еңбектерінде жанама түрде, ал кейбір еңбектерді мүлде айтылмайтын тақырып болып келді. Бұл тақырыпқа қатысты тарихи еңбектерді, мақалаларды қарастырғанда ресейлік тарихшылардың бұл мәселені 90 жылдардың басында қолға алып, қазір барынша кең тұрғыда қарастырып жатқандығы байқалады. Айып батальоны мәселесі әлі де зерттеуді қажет ететін тың тақырыптардың бірі деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. Екінші дүниежүзілік соғыс тарихының өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы.-Астана: «Литера-М» ЖШС, 2014.-232 б.
2. Рубцов Ю.В. Штрафники Великой Отечественной. В жизни и на экране.- М.. Вече, 2007.-432 с.
3. Кәкен А. № 270 бұйрық. //Егеменді Қазақстан.-2009 ж. 30 наурыз.
4. Есмағамбетов К. Соғыс тұтқындары мәселесі әлі де қоғам назарында. //Егемен Қазақстан.-9 мамыр 2012 ж.-7-8 бб.